ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 тамыз № 5265-25-00-2/2168 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Кенжебаева
сот отырысының хатшысы З.Бахытжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Super Soul Dream» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Қуатбаев А.А.
Жауапкердің өкілі Мауленов Е.Ы.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (ары қарай - талап қоюшы) мен «Super Soul Dream» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ары қарай - жауапкер) арасында 2025 жылы 20 ақпанда №20 санды «Қауіпті емес қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару (жинау) бойынша қызметтер» бойынша жалпы сомасы 249 999,99 теңге көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (ары қарай - Шарт).

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер қызметті №20 шарт бойынша келісім шартқа қол қойғаннан кейін 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін орындауға тиіс болған.

Шарттың №2 қосымшасы (техникалық ерекшеліктері) бойынша жауапкер коммуналдық қалдықтарды шығару және коммуналдық қалдықтарды ҚТҚ полигонына орналастыру, ғимарат аумағына 2 контейнер (1 куб. әрқайсысы) орналастыру, қалдықтарды шығару – 2 контейнер, аптасына 2 рет қарастырылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер Шарт бойынша жұмыстарын орындамай, өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер сотқа қарсы пікір түсірген жоқ.

Талап қоюшының өкілі Қуатбаев А.А. талап қоюды қолдап, бүгінге жұмыстар орындалмағанын, 2020 жылдың 7 наурызында ғимарат аумағына екі контейнер орналастырмағаны анықталғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі Мауленов Е.Ы. талап қоюды мойындамай, контейнерлер орналастырмағаны, қалдықтар шығармағаны келісім шарт түзілген күні өздеріне белгілі болғанын, сотқа талап қоюды 30 күндік мерзімін өткізіп бергенін негізге алып талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (ары қарай – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 4-тармағының 3,4-тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің; өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 12.08.2025

5265-25-3-6/378

күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот тараптарды тыңдап, іс құжаттарын зерделеп келесі тұжырымға келді.

Тараптар арасында 2025 жылы 20 ақпанда №20 санды «Қауіпті емес қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару (жинау) бойынша қызметтер» мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынған.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер қызметті №20 шарт бойынша келісім шартқа қол қойғаннан кейін 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін орындауға тиіс болған.

Шарттың №2 қосымшасы (техникалық ерекшеліктері) бойынша жауапкер коммуналдық қалдықтарды шығару және коммуналдық қалдықтарды ҚТҚ полигонына орналастыру, ғимарат аумағына 2 контейнер (1 куб. әрқайсысы) орналастыру, қалдықтарды шығару – 2 контейнер, аптасына 2 рет қарастырылған.

Алайда, жауапкердің өкілі сотқа берген жауабында контейнерлер орналастырмағаны, қалдықтар шығармағаны келісім шарт түзілген күні талап қоюшыға белгілі болғанын, сотқа талап қоюды 30 күндік мерзімін өткізіп бергенін көрсеткен.

Шарттың 1.1 тармағына сай Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.3.2 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға міндеттенеді.

Талап қоюшының тарапынан жауапкерге 2025 жылдың 7 наурызында контейнерлер орнатылмағандығы анықталғаны туралы хабарлама 2025 жылдың 20 наурызында жолданған.

Алайда, жауапкер тарапынан Шарт бойынша міндеттерін орындауға ешқандай әрекеттер жасалмаған. Демек, өнім беруші шартпен бекітілген өз міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, шартты орындаудан біржақтама жалтарған.

Нәтижесінде тапсырыс беруші осы талап қоюмен 2025 жылғы 28 наурызда сотқа жүгінген.

Шарттың 3.1.1 тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 12.08.2025

5265-25-3-6/378

Талап қою талабына қарау кезінде сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шарттың ережелерін ескереді.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынбаған.

Тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Жауапкердің талап қоюшымен отыз күндік мерзімін өткізіп сотқа жүгінген туралы уәжі сотпен теріске шығарылады.

Себебі, жауапкерге жолданған хабарламада ғимарат аумағына контейнерлер орналастырмағаны 2025 жылдың 7 наурызында белгілі болғаны көрсетілген. Ал, Шарттың №1 қосымшасында көрсетілгендей қызметті көрсету мерзімі Шартқа қол қойғаннан кейін 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін деп белгіленген.

Ал, талап қоюшы сотқа 2025 жылғы 28 наурызда жүгінген, сондықтан, талап қоюшының тарапынан отыз күндік мерзімін өткізіп сотқа жүгінген деп айтуға негіз жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Жауапкер талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын басқа ешқандай дәлелдемелерді сотқа ұсынбады. Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының талабын заңды және негізді деп табады, сол себептен талап қою қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Super Soul Dream» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Super Soul Dream» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 12.08.2025

5265-25-3-6/378

Жауапкер «Super Soul Dream» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілгеннен күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Шымкент қалалық сотының сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по городу Шымкенту Ахмедова Н.Н.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 12.08.2025

5265-25-3-6/378